



**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 953 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 7 қыркүйек N 1314. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 шілдедегі N 734 ~P020734 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Аукциондық сатудан алынатын алымдарды төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 953 P950953\_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24, 273-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Аукциондық сатудан алынатын алымдарды

төлеудің тәртібі туралы ережеде:

III тарау мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Соттар және басқа да органдардың қаулыларын атқару жөніндегі атқарушылық өндірісті қамтамасыз ететін әділет органдары өткізетін аукциондық сатулардан бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде алым алынады".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

